

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С. Сейфуллина = С. Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. – 2024. – Б.IV.- Б. 250-252.

**ӘОЖ 811.111**

## **«ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ КЕЙБІР ТЕРМИНДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Бекетаева А., 1 курс студенті*

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,  
Астана қ.*

Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес елдегі беделді тілдің бірі – халықаралық қатынастағы ағылшын тілі болып саналатыны сөзсіз. Ағылшын тілі дегенде – жаңа жиырма бірінші ғасырдың тілі есімізге түседі. Ағылшын тілі халықаралық қатынаста қолданылатын, дүние жүзіне кең тараған ортақ тіл. Ағылшын тілі біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады. Мемлекеттің халықаралық байланыстарының сапалық өзгерістері адамның практикалық және зияткерлік іс-әрекетінде ағылшын тілі сұранысқа ие болу қажеттілігін туғызып отыр [1].

Осы орайда «Орман шаруашылығы» мамандығы бойынша ағылшын тілінде өз ойыңды кәсіби түрде жеткізе алу қазіргі заман талаптарының бірі саналады. Ағылшын тілін біліп ғана қоймай, оны әр саланың мамандары өз мамандығы бойынша еркін қолдана алулары тиіс.

1994 жылдың Маусым айында Еуропалық орман шаруашылығы институты (EFL) екінші министрлер конференциясында «Еуропада орманды сақтап қалу» атты терминдер мен анықтамалар бойынша құжат қабылдаған еді. Ал 2001 жылы бұл «орман шаруашылығы» бойынша терминдер мен анықтамалар жиынтығы Еуропалық орман шаруашылығы институты (EFL) жобаларындағы жиі қолданылатын сөздермен толықтырылған еді. Бұл терминдер мен анықтамалар жиынтығы бізге «не үшін керек?» деп сұрақ қоятын болсақ, ең алдымен олар арнайы анықталған ақпарат көздерінен алынған. Ал кейбір сөздер мен терминдер бірнеше ақпарат көздерінде кездесе де, бұл жерде басты мақсат оқырмандарға бір сөздің көп қолданыста екенін және ғылыми әдебиетте көп қолданылатынын көрсету еді. Әрейне кейде бір терминнің бірнеше мағынасы болған жағдайда әр сөз жеке тізімде қайнар көздерімен бірге көрсетіледі. Мәселен, барлығымыз білетін «forest» сөзінің бірнеше халықаралық анықтамасы бар, себебі кейбір елдерде бұл сөзге әрқалай анықтама беріліп жатады. Осы жөнінде толығырақ Еуропалық одақтың 1996 жылы жүргізген (ЕО) зерттеу жұмыстарынан да көруге болады (<http://home.att.net/~gklund/>) [2].

Жалпы алғанда, жоғарыда аталған құжатқа сілтеме жасауымыздың тағы бір себебі, «орман шаруашылығына» байланысты терминдерді бір сөзбен

ағылшын тілі сөздігінен алып жеткізу мүмкін емес, сондықтан сөз тіркесін (ағылшынша «phrase») қолданған абзал болмақ, ал жүйеленген арнайы терминдерді аталған құжаттан аламыз.

Ағылшынша сөз тіркесі немесе «phrase» сөзіне сөздіктерде: сөздер тобын бірге қолданылғанда арнайы мағынаға ие болуы деп түсіндіреді. Демек кейде сөз тіркесін қолданса ғана белгігі бір сала бойынша өз ойыңды еркін жеткізе алуға болады. Сондықтан да біз сөз тіркесін қолданып «орман шаруашылығы» бойынша мысалдар беруге тырысамыз және нақты, жүйелі түрде ағылшынша халықаралық дәрежеде түсінікті сөйлеуге тырысамыз [3].

Енді жоғарды аталған Еуропалық орман шаруашылығы институты құжатынан бірнеше мысалдар жиынтығын қарастырып көрейік.

– AFFORESTATION сөзінің бірнеше мағынасы келтірілген және көбінесе мағыналас болып келеді. Негізі мағынасы: бұрын орман егілмеген жерге ағаш отырғызу немесе егу;

– ARTIFICIAL REGENERATION сөзінің бір мағынасы келтірілген. Негізгі мағынасы: ағаш ұрығын немесе көшетті тікелей жерге отырғызу, салу арқылы жаңарту;

– AUTOCENTHONOUS сөзінің бірнеше мағынасы келтірілген және көбінесе мағыналас болып келеді, негізгі мағынасы: бір жердің экологиялық жағдайларына бейімделіп үлгерген өсімдік, жануар түрлері немесе биотиті;

– BOREAL FOREST сөзінің екі мағынасы келтірілген және көбінесе мағыналас болып келеді, негізгі мағынасы: әлемдегі үш негізгі орман белдеуінің біреуі, ол солтүстік жақтарда орналасқан және қылқан жапырақты ағаштардың басымдылығымен ерекшеленеді;

– BUFFER ZONE сөзінің екі мағынасы келтірілген және көбінесе мағыналас болып келеді, негізгі мағынасы: қорғалған аймаққа жақын орналасқан жер және ол жерді қауіпсіздік үшін қолдану жартылай шектелген, себебі ол көрші табиғи мекендерге пайдалы болмақ;

– CARBON SINK сөзінің үш мағынасы келтірілген және көбінесе мағыналас болып келеді, негізгі мағынасы: атмосферадағы газды жою немесе жұтып алу процесі;

EVEN-AGED FOREST сөзінің бір мағынасы келтірілген. Негізгі мағынасы: түрлері, жасы бірдей ағаштардың ұқсастығы және табиғи немесе қолдан жасалынуы [2].

Осы тектес мысалды біз өзге де ғылыми журналдарда 2.4 бөлімінде қолданыста екенін көре аламыз. Мәселен «greenhouse gas» сөз тіркесі алдыңғы құжаттағы анықтамаға сай екенін көруге болады, себебі ол жерде «greenhouse gas»-ды қалай өлшеу жөнінде айтылып өтеді [4]. Еуропалық одақ құжатында:

– GREENHOUSE GASES атмосфераның төменгі қабатын термалды радиацияны өзіне сіңдіру арқылы атмосфераны жылытуға әкелетін газдар ретінде түсіндірілген [2].

Көріп отырғанымыздай аталған құжатта арнайы терминдер мен сөз тіркестерін таба аламыз. Орман шаруашылығына байланысты сабақ өткенде немесе шетелдік әдебиеттерді оқыған кезде осы құжатты пайдалануға

болады, себебі сөздіктерден немесе ғаламтор көздерінде көбінесе жанама бірнеше мағына беріліп өтеді. Ал ол өз кезегінде ағылшын тілін терең білмейтін өзге ел студенттеріне немесе орман шаруашылығы мамандарына қиындық туғызуы мүмкін. Сонымен қатар тіл үйренуде тікелей аудармасын жаттағанға қарағанда, сөз тіркесінің мағынасына терең үңілу тілді тез үйренуге көмек болары сөзсіз.

*Ғылыми жетекшісі Жуматаев Е.М.,  
педагогика ғылымдарының магистрі*

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Башанова, ГС. (2024). *Ағылшын тілін білу – заман талабы*. Білімді ел, 1-2.
2. Schuck, A., Paivien, R. (2002). *Compilation of Forestry Terms and Definitions*, 4-14.
3. Summers, D. (2003). *Longman Dictionary of Contemporary English*, 1231.
4. Tyemeyer, B., Heller, S. (2024). *Effects of water management and grassland renewal on the greenhouse gas emissions from intensively used grassland on bog peat. Agricultural and Forest Meteorology*, 345, 1-2.